« ZIYATKER TURAN»ЖШС мектебінің

Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысының №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 15.10.2026 жыл

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Б.М.Сейдалиев

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Жамбаева Ж.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Шолықбаев Сапархан Жумабаевич –Түркістан облысы, Полиция департаментінің жылдам қимылдайтын арнайы жасақ рота командирі (СОБР)
2. Бекжанова Камшат Ерболатовна – Шымкент қаласы, клиника Эльмед, врач теропевт
3. Орманова Гульжанат Адылханқызы– Шымкент қаласы, ТОО «Altyn adam agency» оператор
4. Жамбаева Жансая Бегежанқызы – Шымкент қаласы Облыстық ауруxана мейірбикелік ісі
5. **Кулатаева Лурдэс Руслановна** – Шымкент қаласы , «Халық Банк» менеджер
6. Саткали Айдана Атамбекқызы – ИП «Айдана » жеке кәсіпкер , директор;
7. КонарбаеваГульжазира Кайратовна – «Политехникалық колледж» кадр маманы
8. Уалиев Медет Телеутазыевич – ТО, Мактарал шекара баскармасы, аға-офицер
9. Сейдалиев Бақыт Муратханович– Астана қаласы, «Engineering service Astana»ЖШС жетекші құрылыс инженер
10. Мектеп әкімшілігі, өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Мектептің мемлекеттік аттестаттаудан өтуі және өзін-өзі бағалау есебін тыңдау. Баяндамашы: Ы.А.Жаутиков « ZIYATKER TURAN»ЖШС мектебінің директоры, өзін-өзі бағалау комиссия төрағасы.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры Ы.А.Жаутиков Шымкент қаласы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес, 2026 жылдың қазан айында мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өтетіндігін хабарлады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы №1270 Қаулысымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесін» жиынға қатысушыларға таныстырды.

Мектеп директоры мемлекеттік аттестаттау барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.04.2026 жылғы №114 НҚ «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрықтарының талаптарын басшылыққа алып, мектептің құрылымдық бөлімдері мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын құжаттар тізбесін дайындап жатқандығын хабарлады.

Сондай-ақ «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, 4, 9-сыныптардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелеріне бағалау компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу арқылы жүргізілгенін атап өтті. Кешенді тестілеуге 4, 9-сынып оқушылары қатысып, орташа 81,6 білім нәтижесін көрсетті.

Ендігі кезең – мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын құжаттар тізбесін мектеп сайтына орналастырып, зерделеу жұмысына ұсыну. Бұл бағытта жұмыстар тиісті деңгейде жүргізіліп жатыр.

2. Оқу ісі жөніндегі орынбасар Л.С.Исабаева, ДТІЖО А.К.Өтеш , Шаруашылық жөніндегі орынбасар Қ.Қ.Алекеев мемлекеттік аттестаттауға құжаттар тізбесін ұсынуға әр құрылымдық бөлімшенің дайындығы бойынша есеп берді.

3. Қамқоршылық кеңес төрағасы Б.М.Сейдалиев сөз алып, мемлекеттік аттестаттаудан мектептің оң баға алып, жақсы нәтиже көрсететініне сенім білдірді. Мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстарына Кеңес тарапынан толық қолдау көрсетілетінін жеткізді.

ҚАУЛЫ:

1. Өзін-өзі бағалау нәтижелері МЖБМС талаптарына сәйкес деп есептелсін.
2. Мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын құжаттар тізбесі сапалы ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Б.М.Сейдалиев

Хатшы: Жамбаева Ж.